КЕЛІСІМ – ШАРТ №53
Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу

Шымкент қаласы «11» маусым 2014 жыл

Бұдан әрі **«Тапсырыс беруші»** деп аталатын **"Шымкент қаласы әкімінің аппараты" ММ** атынан әрекет ететін аппарат басшысы **Т.Т.Мекамбаев** бір тараптан және бұдан әрі **«Орындаушы»** деп аталатын **«Істі-Б и Д» ЖШС** атынан әрекет ететін басшысы **А.О.Умбеталиев** екінші тараптан бұдан ары тараптар деп аталатын «Мемлекеттік сатып алу туралы» **Заңның** (бұдан әрі – Заң) 4 бабы, 1 тармағының 28) тармақшасына сәйкес, 122 – «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты» бағдарлама әкімшісі, 106-«Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарлама, 000-«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен іс-шаралар өткізу», 159– «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша мемлекеттік сатып алу туралы келісім – шарт (бұдан әрі – келісім шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Келісім – шарт мәні

1.1. **«Тапсырыс беруші»** тапсырыс беруге және төлеуге, ал **«Орындаушы»** келісім-шарттың барлық талаптарына сәйкес орындауды міндеттенеді:

р/с	Тауардың мінездемесі және мәліметі	Өлшем бірлігі	Көлемі	Саны	Жалпы сомасы, теңге
1	Шымкент қ. Нұрсәт шағын ауданы №90 үй	ш.м.	терезе	1	187 420
2	Шымкент қ. Жангельдин көшесі №16 В үй	ш.м.	855,00	1	1 864 250
3	Шымкент қ. Нұрсәт шағын ауданы №106 үй	ш.м.	16,00	1	239 540
4	Шымкент қ. Құрманбеков көшесі №5 үй	ш.м.	103,20	1	593 010
5	Шымкент қ. 1 мамыр көшесі №4 үй	ш.м.	395,70	1	2 659 550
6	Шымкент қ. Күншығыс шағын ауданы №43 үй	ш.м.	516,70	1	1 329 070
7	Шымкент қ. Уалиханов көшесі №184 үй	ш.м.	1012,10	1	2 421 630
	Барлығы:		**2898,70**	**7**	**9 294 470**

1.2. **«Орындаушы» «Істі-Б и Д» ЖШС** қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуші болып табылады.

1.3. **«Тапсырыс беруші»** тапсырыс беруге, ал **«Орындаушы»** төтенше жағдайдың салдарынан шығын келтірілген нысандарға жоғарыда көрсетілген мекен-жайлардағы ағымдағы жөндеу жұмыстарын сметалық құжаттамаға сәйкес толығымен атқарады.

1.4. Осы келісім шарт аясында орындалатын жұмыстар мен қызметтер келісім – шарт талаптарына сай ағымдағы жөндеу жұмыстарын сапалы түрде орындап 2014 жылдың 27 маусымына дейін тапсыруы қажет.

1.5. Төлем графигі: Жұмыстар мен қызметтерді толық және сапалы түрде аяқтаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде төленеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. **«Орындаушы»** міндетті:

1) Осы келісім – шартта көрсетілген мерзімде, толық көлемде және тиісті сапада жұмыс атқаруға;

2) **«Тапсырыс берушіге»** орындалатын жұмыстар туралы есепті қабылдау – табыс беруге;

3) **«Тапсырыс берушінің»** талабымен, **«Орындаушы»** орындалатын жұмыстарды көрсету барысында орын алған барлық жетіспеушіліктерін, келісім – шарттан ауытқуын 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде ауыстыруы және орындауы тиіс.

4) Өз атымен және өз қаражатына осы келісім – шартта қарастырылған жұмыстарды толық орындауға;

2.2. **«Орындаушы»** құқылы:

1) **«Тапсырыс берушіден»** осы келісім – шарт аясында жұмыстарды орындауға қажетті ақпарат алуға; егер де бұл ақпарат **«Тапсырыс берушіде»** болса, аталмыш ақпарат **«Тапсырыс берушіні»** қосымша материалды және материалды емес шығынға келтірмесе және **«Орындаушының»** осы келісім – шарттағы орындайтын міндеттерін ауыстырмаса;

2) **«Тапсырыс берушіден»** осы келісім – шарт аясында орындалатын жұмыстардың сапасын көтеруге бағытталған тапсырмалар алуға; егер де бұл тапсырмалар осы келісім – шартқа қайшы келмесе, **«Тапсырыс берушіні»** қосымша материалды және материалды емес шығынға келтірмесе және **«Орындаушыға»** осы келісім – шартта көрсетілген міндеттерін өзгертпесе;

2.3. **«Тапсырыс беруші»** міндетті:

1) **«Орындаушыға»** (өзінің сұранысы бойынша) керекті мәліметтер (ақпарат, тапсырма) беруге;

2) **«Орындаушыдан»** осы келісім – шарт талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдап алуға, орындалған жұмыстарды дәлелдейтін АКТ – жасауға (жасатуға);

3) **«Орындаушының»** жұмысына осы келісім – шартта қарастырылған көлемі мен мерзімді төлем жасауға;

2.4. **«Тапсырыс беруші»** құқылы:

1) **«Орындаушы»** жұмысына араласпастан кез келген уақытта келісім – шарт аясында **«Орындаушының»** орындап жатқан жұмыстарының сапасын тексеруге;

2) Кез келген уақытта **«Орындаушыға»** келісім – шарттың орындалмауына орай, арнайы хат түрінде ескерту жасап келісім – шартты өз тарапынан бұзуға;

3) **«Орындаушы» «Тапсырыс берушінің»** хат түріндегі келісімінсіз өз міндетін (толық немесе жартылай) басқа біреуге беруге құқысы жоқ.

3. Көрсетілген қызметтерді қабылдау мен табыстау тәртібі

3.1. **«Орындаушы»** орындалған жұмыстар мен қызметтердің актісін жұмыстар орындалған күнінен кешіктірмей **«Тапсырыс берушіге»** орындаған жұмыстары жайлы есеп және орындалған жұмыстар актісін береді.

3.2. Есепте есеп барысындағы орындаған жұмыстардың (күні, нөмері көрсетіледі) атауы мен көлемі көрсетіледі.

3.3. Орындалған жұмыстар актісінде:

1) Орындалатын жұмыстар атауы;

2) Орындалатын жұмыстар көлемі;

3) Орындалатын жұмыстар бағасы.

3.4. Келісім – шарттағы тараптардың келісімдері бойынша орындалған жұмыстар актсінде және есепте басқа да мәліметтер **«Тасырыс берушінің»** сұранысы бойынша қосылуы ықтимал.

4. Орындаушының қызметіне төлем тәртібі

4.1. Осы келісім–шартқа байланысты **«Орындаушының»** атқаратын жұмыстарының жалпы құны **9 294 470** (Тоғыз миллион екі жүз тоқсан төрт мың төрт жүз жетпіс) теңге, оның ішінде қосымша құн салығы – **995 836,07** (Тоғыз жүз тоқсан бес мың сегіз жүз отыз алты) теңге 07 тиынды құрайды.

4.2. **«Орындаушының»** атқарған жұмыстарының 4.1. пунктінде көрсетілген сомасы осы келісім – шарттың жарамдылық мерзіміне дейін қойылады және өзгертілмейді.

4.3. Осы келісім – шарттағы міндеттерді орындауға байланысты 4.1. пунктінде көрсетілген **«Орындаушының»** жұмыстары мен қызметтерінің құнына барлық шығындар кіреді.

4.4. **«Тапсырыс беруші» «Орындаушының»** орындаған жұмыстарына төлемі осы келісім – шартта көрсетілгендей **«Орындаушының»** есеп – айырысу шотына аударылады.

1) Төлемге керекті құжаттар орындалған жұмыстар актісі және есеп – фактурасы болып табылады.

5. Міндеттердің орындалмауына жауапкершілік

5.1. Форс – мажор жағдайларын қоспағанда, егер **«Орындаушы»** келісім – шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсете алмайтын болса, **«Тапсырыс беруші»** өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, келісім – шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін келісім – шарттың бағасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір) пайыз сомманы тұрақсыздық айыбы ретінде шегеріп тастайды.

5.2. Егер де **«Орындаушының»** орындалатын жұмыстары сапасыз болса, **«Тапсырыс беруші»** тарапынан қабылданбайды және төленбейді. **«Орындаушы»** келісім – шартты орындаудан бас тартқан жағдайда немесе келісім – шарт **«Орындаушының»** кінәсінен бұзылса, **«Орындаушы» «Тапсырыс берушіге»** келісім – шарттың жалпы соммасынан 10% (он) пайыз мөлшерде айыппұлын (штраф) төлеуі қажет.

5.3. Мемлекеттік сатып алу туралы келісім – шартты жасаған кезде оған жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің **«Орындаушы»** тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған жағдайда келісім-шарт **«Тапсырыс беруші»** тарапынан кез келген кезеңінде бұзылады.

5.4. Айыппұл және тұрақсыздық төлемі **«Орындаушыны»** осы – келісім шарқа сәйкес атқарылуға тиіс жұмыстардан және міндеттемелерден босатпайды.

5.5. Осы келісім – шартта қарастырылмаған жауапкершілік шаралары Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы азаматтық заңдылықтар нормаларына сәйкес жүзеге асады.

5.6. Қосалқы мердігерлердің болуы **«Орындаушыны»** осы келісім – шарт бойынша материалдарды және басқа жауапкершіліктен босатпайды.

6. Келісім – шарттың мерзімділік тәртібі

6.1. Осы келісім – шарт ОҚО Қазынашылық департаментінен тіркеуден өткен күннен бастап заңды күшіне енеді және 2014 жылдың «31» желтоқсанына дейін жарамды болып табылады.

6.2. Мемлекеттік сатып алу туралы шартта мынадай жағдайда бұзыла алады:

1) Заңның **6-бабында** көзделген шектеулерді бұзу;

2) Заңда көзделмеген жағдайларда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тарапынан орындаушыға көмек көрсетілген жағдайда.

7. Басқа да талаптар

7.1. Осы келісім – шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Толықтырулар мен өзгертулер жазбаша түрде рәсімделіп тараптармен қол қойылады және осы келісім – шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

7.2. Келісім – шарт мемлекеттік тілде түзіледі. Келісім – шартты арбитражда қарау қажеттілігі туса, мемлекеттік тілдегі келісім – шарт данасы қаралады. Келісім – шартқа қатысты барлық хат алмасулар мен тараптардың басқа құжаттамалары осы шартқа сәйкес болуы керек.

7.3. Осы келісім – шарт екі данада түзілген және бірдей құқықтық күшке ие. Келісім – шарт тараптарының әр қайсысына бір данасы жіберіледі.

7.4. Келісім – шарт міндеттері Шымкент қаласында жүзеге асырылады.

8. Тараптардың мекен – жайлары мен деректемелері:

«Тапсырыс беруші»
"Шымкент қаласы әкімінің аппараты" ММ
ОҚО, Шымкент қ., Тыныбаев көш., 49.
БСН (БИН) 990 240 005 765
ММ коды 1223532
БСК (БИК) KKMFKZ2A
ЖСК (ИИК) KZ24070103KSN5821000
ОҚО бойынша Қазынашылық департаменті,
Шымкент қаласы.

Аппарат басшысы

_____ **Т.Т.Мекамбаев**

«Орындаушы»
«Істі-Б и Д» ЖШС
ОҚО, Шымкент қ., Мелдеходжаева көш., 68.
БСН (БИН) 040 340 005 137
БСК (БИК) NURSKZKX
ЖСК (ИИК) KZ6584906KZ006023423
"Нұрбанк" АҚ Шымкент филиалы.

Басшы

_____ **А.О.Умбеталиев**